

- Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
 - Медицина факультеті

- Тақырыбы:Иммунитет.Иммунитет түрлері.

- Қабылдаған:Асанова Ғ
- Орындаған:Незамединов А
 - Тобы:Жм-207

- **Иммунитет** дегеніміз организмнің зиянды әсерлерді немесе бүлдіруші уларды қабылдамау қасиеті.

Әрине бұндай қасиет организмнің жеке басының тіршілік ортасына бейімделуіне, сол ортадағы зиянды микроорганизмдер, вирустар және олар бөлетін түрлі бүлдіруші қасиеті бар заттарға қарсы тұра алатындығына тікелей байланысты. Осындай өз ара байланыстың, дәлірек айтқанда күрестің нәтижесінде аса күрделі биологиялық процестер басталады. Сөйтіп, организмде қорғаныштық қасиет арта түседі, оның түрлі зиянды микроорганизмдерді, вирустарды құртатын және улы заттардың уытын жойып ыдырататын қабілеті күшейеді.. Иммунитет түзілуде бүкіл бір тұтас организм қатысады әрине бұнда басқарушы және бағыттаушы—орталық нерв жүйесі.



- Ауру қоздырушылар немесе вакциналар нерв системасының ұштары арқылы сарысу гамма-глобулиндерін түзетін тиісті органдарға әсер етеді. Ал бұлар жауап ретінде тиісті антителалар бөледі. Осында клетка ішінде қандай процестер орын алатыны жөнінде толық мағлұмат жоқ.

Иммунитет пайда болуда сыртқы орта жағдайлары көп әсер етеді. Шамадан тыс қызу, салқындау немесе организмнің аса шаршауы қорғаныш заттарының түзілуін нашарлатады.



- Сонымен бірге иммунитеттің организмде жақсы түзілуін тамақтың нашарлығы, соның ішінде А және С витаминдерінің, фосфор және кальций тұздарының жетіспеуі тежейді. Бұдан зиянды әсерлерге қарсы күресуде арнаулы шаралармен қатар (вакциналар егу т. б.) малдарды және адамдарды толық бағалы қоректік заттармен қамтамасыз ету қажет деген қорытынды шығаруға болады.



- Жалпы иммунитеттің бірнеше түрлерін ажыратады. Оны мына схемадан көруге болады:

Табиғи немесе туа пайда болған иммунитет— адамдар және жануарлардың белгілі бір түріне тән. Ол тұқым қуалайды. Бұдан мүйізді ірі қара малдың — жылқының маңқасымен, жылқының, иттің обасымен, адамның ит пен шошқа обасымен ауырмауы мысал бола алады. Түрлі иммунитет бір мезгілде бірнеше зиянды әсерге қарсы әсер ете алады.



Диета для иммунитета



- Жасанды иммунитет адам мен жануарларда жұқпалы аурулар-дың әсерінен пайда болады және оны табиғи -жағдайда қабылдаған иммунитет деп те атайды. Егер де иммунитеттер организмге түрлі биологиялық препараттарды енгізгенде (егу, вакцина, сарысу енгізу) пайда болса, оны жасанды жолмен түзілген иммунитет деп атайды. Бұнда организмдегі түзілген иммунитет зиянды микробтың бір ғана түріне арналады.



- Табиғи жолмен түзілген иммунитет әдеттегіше ұзақ болады. Ал кейбір ауруларға қарсы түзілген иммунитет организмде бүкіл тіршілік барысында сақталып қалады. Мәселе адамдар шешек, обамен бір рет ауырса, екінші рет ауырмайды. Тіршілік барысында түзілген иммунитетті актив және пассив деп екіге бөлуге болады. Бұнда организм зиянды әсерге өзі иммунитет құрайды.



www.shutterstock.com · 113651272

- Жасанды жолмен құралған актив иммунитет тұрақсыздау. Мәселен, паратифке қарсы бұзауларда жасалған иммунитет тек 6 ай бойына ғана сақталады. «Сибирь жарасына» қарсы жасалған иммунитет тек бірақ жылға жетеді



- Актив иммунитет организмге вакцина енгізілгеннен кейін 2—10 күн өткен соң түзіледі. Активті иммунитет гуморальды (антиденемен сипатталатын); торшалық (иммунокомпитентті торшалармен сипатталатын); торшалық-гуморальдық, болады. Мысалы ботулизм мен столбняқтың антитоксикалық иммунитеті гуморальда, өйткені ол қан айналымындағы антиденелермен сипатталады. Алапес немесе туберкулез кезінде иммунитет-торшалық, ал оспада-торшалық-гуморальды.

- пассивті иммуитет иммунды сары суды ағзаға енгізу, иммунды торшаларды тасымалдау (нересадка) немесе анасынан баласына берілетін антиденелермен сипатталады.
- пассив, сарысу имму-витеті организмге дайын қорғаныш заттарды енгізгенде түзіледі.



- Түрлі аурулармен ауырған организмнің сарысуында осы ауруға қарсы иммунитет күраушы заттар пайда болады. Оларды арнаулы фабрикада өндіреді. Бұл үшін малдарға ауру қоздырғыш микроб-тардан жасалған вакцинаны енгізеді. Сонда сол малдар қанының сары суында қорғаныш заттар — антителалар түзіледі



Как повысить иммунитет



- Осындай сарысуды алып, басқа малдарға енгізгенде оларда осы ауруға қарсы тұра алатындық иммунитет түзіледі, бірақ бұл тұрақсыз иммунитет, оның ұзақтығы 2—3 жұма-ақ.

Табиғи пассив иммунитет организмге, оның әсіресе дүниеге келер кезінде анасының сүтімен немесе жатыр арқылы беріледі.

Виды иммунитета



■ Пайдаланған әдебиет

- ↑ Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ - Алматы:
"Сөздік-Словарь", 2009. [ISBN 9965-822-54-9](#)
- ↑↑ Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 1028 б. [ISBN 9965-08-286-3](#)
- ↑ Вирусология, иммунология, генетика, молекулалық биология. Орысша-қазақша сөздік. —Алматы, Ана тілі, 1993. ISBN 5-630-0283-X
- ↑↑ Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 1028 б. [ISBN 9965-08-286-3](#)
- ↑↑ Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ - Алматы: "Сөздік-Словарь", 2009. [ISBN 9965-822-54-9](#)

- Назар аударғандарыңызға
рахмет